

**А. Түсіпбаева, «Фемида» Заң академиясының 2-бағам магистранты  
Ғылыми жөтекшісі: М. К. Ұнтықбаев, «Фемида» Заң академиясының  
қылмыстық және іс-жүргізу кафедрасының мөңгерушісі, заң ғылымдарының  
кандидаты**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ**

Біз кәмелетке толмағандарды қылмысқа немесе өзге қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту түсінігі қатынасындағы ұстанымды қарастырамыз, тікелей және тектік (түрлік) объектілерді ұқастыруға ұмтылу соған тән болыш саналады. Қаралыш отырған қылмысты екі объектіге: кәмелеткен толмағандарды қалышты дамытуға, қылмыстық әрекеттерге тартудан, кәмелетке толмағандар сондай-ақ, нақты қылмыс жасаудан зардал шегетін объектілерге қол сұғатындығы туралы пікірмен келіспеуге болмайды. Дегенмен, әдебиеттерде анық түрде тарылтатын, тікелей объекті ұғымын тарылтатын түсіндірмелер кездеседі.

Мәселен, кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге тарту кезінде қол сұғушылықтың тікелей объектісі кәмелетке толмағандарды «кеңестік» қылмыстық занылыштарды саналы түрде сақтау рухында тәрбиелеу болады деп жорамалдады. Осылай түсіну жағдайында қылмысқа тартудың тікелей объектісінің мазмұнынан ең бастысы — кәмелетке толмағандардың қалышты даму (дene бітімі мен адамгершілік тұрғыдан) мүдделеріне сол сұғушылық түсіп қалады. Бұл ретте тіпті кәмелетке толмағандарды дұрыс тәрбиелеуге қол сұғушылық дұрыс құқықтық тәрбие беруге қол сұғушылықты негізсіз түрде тарылтады. Соған қарамастан, әрбір кәмелетке толмағандардың қылмыстық-құқық негіздерін игеру, дамуы мен тәрбие алуы үшін аса зор мүмкіндіктер бар.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық және өзге қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тартудың негізгі (немесе бірден-бір) объектісі түрінде қарайтын авторлар кәмелетке толмағандардың қалышты дамуы мен дұрыс тәрбие алуларына мүдделілік танытты.

Қылмысқа тартудың тікелей объектісінің мұндай анықтамасы теория мен тәжірибеде қолдануға неғұрлым қолайлы, өйткені, ол кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе өзге де қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тартқаны үшін жауапкершілік туралы қылмыстық занын бағытталышылығы мен мазмұнына неғұрлым дәл жауап береді.

Қаралыш отырған қылмыстың тікелей объектісін осылайша анықтау кезінде, біз біріншіден, заның дәлме-дәл мазмұнына сүйенеміз, екіншіден, тікелей және тектік (түрлік) объектілерді еркін ұқастыруды жоққа шығарамыз. Мәселен, В. И. Негоденко былай деп жазады: «Кәмелетке толмағандарды қылмыстық және өзге де қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту объектісі болыш кәмелетке толмаған адамның жеке басы, оның рухани және дene бітімінің дұрыс дамуы саналады»<sup>1</sup>.

Осы түсінік мазмұнына қарсылық білдірмесстен пайдаланылатын терминологияның сәт-сіздігін атап өтеміз. Қол сұғушылық объектісі ретінде кәмелетке толмаған адамның жеке басын атап көрсете отырыш, автор сол арқылы тектік (түрлік) объекті түрінде — жеке бас өмірін, денсаулығы мен бостандығын (еркін) қарастыруға мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған біздің нормалар — Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 131-132 баптары кәмелетке толмағандардың қалышты дамуын бұзатын, кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы і-әрекеттерге тартқаны үшін жауапкершілікті белгілейді және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 132-бабында атап көрсетілгендей, олардың моральдық тұрғыдан азғындауына ықпал ететін қоғамға қарсы қылмыстық әрекеттердің тізбесі толық болыш саналады. Кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауа тарту-

дың қауіптілігі жастар мен балаларға әсіресе, зиянды азғындағушылық әсер етуінен көрінеді, қылмыс жасау үшін жиі түрде негіз болыш қызмет ететін қасақана арамтамақтықтың, жатыш ішерліктің көрінісі болыш саналады.

---

<sup>1</sup> Негоденко Н. И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. — М., 1980. — С. 83.